**Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасына**
**«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі**
**Жамбыл облысы, Тараз қаласы,**
**Мәңгілік Ел 32/8**
**ЖСН: 170240012608**
**shapai20157@mail.ru**

**Шағым**

Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурстық комиссияның шешімімен келіспейтінін білдіре отырып, Конкурстың №14264817-ГСЗ1, атауы «Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және медиациялық қызметтер орталығының жұмысын ұйымдастыру» қорытындылары туралы хаттаманы қайта қарауды ұсынады, осы тұста:

***Келесіні хабарлаймыз.***

«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің лот **№73688761-ГСЗ1**, атауы «Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және медиациялық қызметтер орталығының жұмысын ұйымдастыру» конкурстық өтінімі Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 411-тармағына сәйкес, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушының конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау өлшемшарттарына сай:

**4-критерий. Қағидалардың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін ұпайлар қойылады.**

«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі бойынша, Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды, өнім беруші 2017-2024 жылдар кезеңіне құжаттарды ұсынады, бұл жалпы, **сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі**нің барлығы **8 жыл**, ал **ұқсас** *(аналогичные)* **жобаларды** іске асыру саласында *5–Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызмет нарығындағы екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі* бар-1 жыл:

*Атап айтсақ:*

**2024ж.** «Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және медиациялық қызметтер орталығының жұмысын ұйымдастыру».";

Осы тұста сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар, көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелерімен расталған.

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін **4 ұпай** мөлшерінде заңсыз қолданды.

Осы тармақ бойынша әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын **затқа сәйкес ұқсас** *(аналогичные)* **қызметтерді** көрсету нарығындағы тәжірибесі бойынша 4 ұпайдың орнына **5 ұпай** қою ұсынылады.

## "ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ы

**әлеуетті жеткізушісінің конкурстық құжаттарын зерделеуде анықталды:**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

**1-критерий. Әлеуетті өнім беруші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі:**

Қағиданың 1-қосымшадағы *(Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттары*) 1 тармақшасына сәйкес, *Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі: Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау және т.б. анықталған объективті деректермен негізделген); Жобаның мақсаттары мен міндеттері; Жобаны іске асыру әдістері;* Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға жету үшін іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен формасы, орны мен күндері көрсетілген); *Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық қолдау;* Күтілетін нәтижелер (жобаны іске асыру барысында қол жеткізілетін оң өзгерістер, әлеуметтік нәтиже); Салым, процесс, қысқа

және ұзақ мерзімді нәтижелер көрсеткіштерін қоса алғанда, сандық және сапалық көрсеткіштердің болуы;

Осы тұста Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 1-қосымшасына сәйкес келесі тармақтар жоқ, не толық қамтылмаған:

**- Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары** ***(іс-шаралардың атауы мен нысаны, өткізілетін орны мен мерзімі, іс-шараны өткізу форматы, нақты әр айдың онкүндігі, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген)*****:**

Жоспардағы әрбір іс-шара бөлек сипатталуы керек. Есептерді *(аралық және қорытынды есепті)* ұсыну кезеңін көрсету міндетті, *(есептер Шарттың техникалық ерекшелігінде көрсетілген мерзімдерге сәйкес ұсынылады)*. Қорытынды шығармашылық есепті Тапсырыс берушінің кеңсесі тіркейтін ілеспе хат арқылы 2025 жылғы 25 қазанға дейін тапсыру қажет. Конкурстық өтінімде жоба шеңберінде іс-шараларды іске асыру мерзімін 2025 жылғы 25 қазанға дейін деп көрсету қажет- *делінген және* **осы тұста** жоспардағы әрбір іс-шараны **жеке сипаттау қажет еді**. *(есептер Шарттың техникалық ерекшелігінде көрсетілген мерзімдерге сәйкес ұсынылады)* тармағы бойынша **Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі** талабы орындалмаған. "ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ы, әлеуетті жеткізушісінің конкурстық құжаттарынан үзінді, онда Қорытынды шығармашылық есепті Тапсырыс берушінің кеңсесі тіркейтін ілеспе хат арқылы 2024 жылғы 25 қарашаға дейін тапсыру қажет. Конкурстық өтінімде жоба шеңберінде іс-шараларды іске асыру мерзімін 2024 жылғы 25 қарашаға дейін көрсету қажет - дейді.

Ал Техникалық ерекшеліктерге сәйкес қызмет көрсету уақыты 2025 жылдың 25 қазаны.

**- Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу:**

БАҚ-та жобаны іске асыруды жариялау жөніндегі Медиа-жоспардың болуы (сөз сөйлеулердің атауы немесе тақырыбы, автордың т.а.ә., БАҚ атауы, жарияланымның шығуының күтілетін мерзімдері). Медиа-жоспарда жобаны іске асыруды жариялау жөніндегі әрбір іс-шараны бөлек сипаттау қажет делінген десе, «ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ы» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті жеткізушісінің конкурстық өтінімде, Тапсырыс беруші талабы осы тұста орындалмаған. Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу:

БАҚ-та жобаны ақпараттандыру бойынша медиа-жоспардың болуы (іс-шара немесе баяндама тақырыбы, автордың Т.А.Ә, БАҚ-тың атауы, жарияланым, репортаж шығуының күтілетін мерзімі) Бұқаралық ақпарат құралдарында 5 (бес) тақырыптық жарияланым, сондай-ақ әлеуметтік желілерде 3 (үш) басылымды орналастыру, жариялау талабы жоқ. Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу БАҚ/техникалық ерекшелік КҚ талаптарына сәйкес келмейді, бұл әлеуетті өнім берушінің медиа-жоспарда БАҚ атауы жоқ деген негізде қабылданбайды.

- Салым, процесс, қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер көрсеткіштерін қоса алғанда, **сандық** және **сапалық** көрсеткіштердің болуы қамтылмаған .

Осы тұста «ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ы»-ы, Әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды. Яғни, жобасы ұсынылмаған (сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді).

Осылайша «ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ы» конкурстан шеттелуі тиіс еді. Конкурстық өтінімге **6 ұпай** **заңсыз берілген, 0 ұпай** **қою** ұсынылады. Әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді).

"ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ Конкурстық құжаттамаға сәйкессіздігі; Ұйым миссиясының және Тапсырыс берушінің салалық мамандануының сәйкессіздігі өлшемшарттары бойынша Комиссия мүшелері Қабылдамау қажет еді.

**2-критерий. Әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және**

**сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар сәйкестігі;**

«"ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ның қызметінің мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Заңның 5-бабында көзделген салаларына сәйкес келмейді (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді).

Алайда Тапсырыс беруші Әлеуетті жеткізуші ұсынған, Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген салаларына сәйкестігі тармағы бойынша негізсіз 2 ұпай қойылған.

Осы тұста «"ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ы конкурстан шеттелуі тиіс еді.

Осы тармақ бойынша Әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының *(құрылтай құжаттарына сәйкес)* тармағында тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне сәйкес емес, сол себепті **2 ұпайдың** орнына **0 ұпай** қою ұсынылады.

**4-критерий. Қағидалардың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін ұпайлар қойылады.**

*4–ұпай Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында сегіз жылдан астам жұмыс тәжірибесі;*

"ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ы, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі бойынша, әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды, құжаттарды ұсынады, бұл жалпы, **сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін көрсетеді,** ал **ұқсас** *(аналогичные)* **жобаларды** іске асыру саласында **тәжірибесі - жоқ.** Жалпы жұмыс тәжірибесі болғанымен. **Ұйымның ұқсас жобаларды жүзеге асырудағы тәжірибесі – 0 жыл.**

Осы тұста, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін **7 ұпай мөлшерінде заңсыз қолданды.**

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын **затқа сәйкес ұқсас** *(аналогичные)* **қызметтерді** көрсету нарығындағы тәжірибесі бойынша **7 ұпайдың** орнына 4 **ұпай** қою ұсынылады.

**5-критерий. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген).**

Жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі немесе біліктігігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған» деген тармағына сай келетін болғандықтан "ЖО жастар ұйымдарының Қауымдастығы" ЗТБ-ы өтінімінің «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 1-қосымшасының критерийі бойынша конкурстық комиссия 2 балл заңсыз қолданды. Госорган жауаптары деген құжаттар ұсынған, алайда Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы **дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар болып табылады, олар толық берілмеген.** Конкурстық өтінім ұсынылатын әлеуметтік жобаның *қызмет түрлеріне сәйкес практикалық тәжірибесі мен біліктілігі жоқ болғандықтан* 0 баллға лайық..

Осылайша, әлеуетті өнім берушінің 5-ші критериінің аталмыш тармағының талабына сай 2 баллдың орнына, 0 балл қою ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, конкурстың қорытындыларын шығару кезінде анықталған бұзушылықтарды ескере отырып, жоғарыдағы лот бойынша конкурстық өтінімдерді және конкурс нәтижелерін қайта қарауды, Заңның Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұпайларды белгілеуді және сотқа дейін реттеуді сұраймыз.

«Елу жылда- Ел жаңа» қоғамдық
бірлестігінің басшысы: Ш.Сүйімқұл